

«Ақтөбе облысы білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының аттестация қорытындысында анықталған кемшіліктерді жоюдың орындалу

АНЫҚТАМАСЫ

2024 жыл, маусым

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының 2024 жылғы 05-09 ақпан аралығында жүргізілген мемлекеттік аттестация қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою барысы туралы

Анықтама

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.1 тармағына сәйкес келмейді, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 3-тармақшасының талаптары толық орындалмаған: 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдары бойынша «Жауқазын» ерте жас топқа (1жастағы балалар) арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012ж №557 бұйрығының 1 қосымшасы «Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» толық сәйкес келмейді, өйткені ерте жас тобында жүргізілмейтін «Сурет салу» ҰІӘ-і оқу жоспарында «күн сайын» деп қате жоспарланған.

Орындалуы: Білім беру қызметінің қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 3-тармақшасының талабына сәкестендіру: ерте жас топқа (1 жастағы балалар) арналған оқу жоспарын талапқа сай құрылып қайта ұсынылды.

Web-сайт: <https://sad-shugyla.baiganin-roo.edu.kz/kz/ttest-tsiya-k-rytyndysy-b-jynsh-emshiliterdi-zh-yu/2-k-symsh.html>

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9,3 тармағына сәйкес келмейді, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 2 тарауының 21 тармағына сәйкес келмейді, өйткені 1 топқа 5 күндік жұмыс аптасы кезінде 10,5 сағаттық режимде әр топтың тәрбиеші лауазымына 2,25 ш.б, ал 4 топқа 9ш.б берілуі керек болса, бөбекжай-балабақшасында барлығы 8 ш.б берілген. Сонымен қатар музыка жетекшілері лауазымының штат бірліктері 2 жастағы және одан ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен белгілену керек, бұдан бөбекжай-балабақшада 3 топқа (кіші, ортаңғы, ересек) 0,75 ш.б берілу керек болса, бөбекжай-балабақшада 0,5 ш.б берілген.

Орындалуы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары тізбесін бекіту туралы» бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 29-наурыздағы №172 бұйрығы негізінде Байғанин ауданының білім бөлімі 01.04.2024ж №62 бұйрығымен «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-на тәрбиеші 1,0 бірлік, тәрбиешінің көмекшісі-0,8 бірлік; музыка жетекшісі-0,25 бірлік берілді.

Web-сайт: <https://sad-shugyla.baiganin-roo.edu.kz/kz/ttest-tsiya-k-rytyndysy-b-jynsh-emshili-terdi-zh-yu/2-k-symsh.html>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 4-тармақшасының талаптарына сәйкес келмейді. (Жеңіс Шырайлым Тілеубергенқызы, Әзберген Нұрсұлтан Жұмағұлұлы) біліктілік санатын арттыруға жұмыстанып, мәліметін ұсыну:

Орындалуы: -Әзберген Нұрсұлтан Жұмағалиұлы «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Өнерім саған -Қазақстан» атты байқауына ән жанры бойынша Сайлаубай Айкүнім атты тәрбиеленушіні қатыстырып жүлделі ІІ орын алды. Және «Алтын балалық шақ» декадасын өткізу барысында «Әншуақ» атты қазақ тіліндегі әндерден концерттік бағдарлама ұйымдастырғаны үшін балабақшамыздың Алғыс хатымен марапатталды. Біліктілік санатын арттыру мақсатында алдағы 2024-жылдың шілде-тамыз айларында өтетін тестке дайындалып жұмыстанып жатыр.

-Жеңіс Шырайлым Тілеубергенқызы «Шымырлық пен шеберлік күні» шеңберінде «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер байқауының облыстық кезеңіне тәрбиеленушілеріміз Аманғали Төрекелді мен Сайлаубай Айкүнімді қатыстырып, Ақтөбе облыстық ғылыми –тәжірибелік орталығының Алғыс хатымен марапатталды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Республикалық «Білім бағы» ғылыми, педагогикалық журналы ұйымдастырған Балаларға арналған V Республикалық «Тәуелсіздік-тұғырым» атты байқаудан тәрбиеленушілері жүлделі орындар алып жүр. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің арасында өткен аудандық «Жыл тәрбиешісі» байқауына қатысып ІІІ орын алды. Жеңіс Шырайлым Тілеубергенқызы біліктілік санатын арттыру мақсатында алдағы 2024-жылдың шілде-тамыз айларында өтетін тестке дайындалып жұмыстанып жатыр.

Web-сайт: <https://sad-shugyla.baiganin-roo.edu.kz/kz/ttest-tsiya-k-rytyndysy-b-jynsh-emshili-terdi-zh-yu/2-k-symsh.html>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22-мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен толықтырып, мәліметті 5 қосымшамен талапқа сәйкес ұсыну.

Орындалуы: Математика, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, құрастыру үлестірмелі материалдары тәрбиеленушілердің барлығына жететіндей етіп камтылды. Балабақшадағы кітап бұрышы ертегі кітаптарымен толықтырылды. «Жүн өңдеу» және «Асық терапиясы» аймақтары құрылып, дамытушы ойындар, құрастырмалы ойындар, дидактикалық ойындар, таратпа материалдар бар және музыка залының бұрышына арнайы ұлттық құндылығымызды балалардың бойына сіңіру мақсатында қазаки киіз үй құрылып, салт-дәстүрімізге байланысты ескі жәдігерлермен толықтырып отырмыз.

Web-сайт: <https://sad-shugyla.baiganin-roo.edu.kz/kz/ttest-tsiya-k-rytyndysy-b-jynsh-emshili-terdi-zh-yu/2-k-symsh.html>

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 6 тармағын орындау, бастапқы бақылауды алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізіп, материалдарын қайта ұсыну.

Орындалуы: 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Балапан» кіші топ 20 бала, «Таңшолпан» ортаңғы топ- 25 бала, «Күншуақ» ересек топ-25 бала, барлығы 70 тәрбиеленушіге бастапқы мониторинг индикаторлары талапқа сай қайта жүргізіліп, веб-сайтқа жарияланды.

Web-сайт: <https://sad-shugyla.baiganin-roo.edu.kz/kz/zin-zi-attestattau01/ped-g-gter.html>

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарауының 26 тармағы талабын орындау, 3 қосымшамен тәрбиеленушілер мәліметін әр оқу жылына сәйкес ұсыну.

Орындалуы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарауының 26 тармағы талабын орындау, 3 қосымшамен тәрбиеленушілер мәліметі веб-сайтқа жарияланды.

Web-сайт: <https://sad-shugyla.baiganin-roo.edu.kz/kz/zin-zi-attestattau01/ped-g-gter.html>

2024 жылдың 09-ақпандағы №12 хаттамалық шешімінде көрсетілген кемшіліктер жойылды.

«Шұғыла» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі:  Ж.Ө.Бөлекова

